

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы  
04 қыркүйек

### 31 тамыз – 04 қыркүйек аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

Апталық жоспарға сәйкес 31 тамыз – 04 қыркүйек аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Педагогикалық және басқарушылық жұмыстарды орындауды және бағалауды қамтамасыз ету мақсатында №1 Педагогикалық кеңес өткізілді.
2. Бекітілген сабақ кестесін Kundelik.kz электронды журналына енгізілді.
3. Интернатқа оқушыларды қабылданып, орналастырылды, санитарлық талап ережелерін сақталып, оқушыларды қарсы алып, интернатпен таныстырып, медициналық тексеру бойынша құжаттары тексерілді.
4. ҚР БҒМ №130 бұйрығы негізінде жас мамандар мен тағайындалған тәлімгерлердің жұмыс жоспары ұйымдастырылып, жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындалып, бекітілді.
5. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізуі қамтамасыз етіліп, күнделікті есеп берілді.
6. Мектеп бойынша ұлттық білім беру деректер қорын жаңа оқу жылындағы мәліметтер бойынша жаңартылып, толықтырылды.
7. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық жұмыстары курстары бойынша пән мұғалімдерінің әзірлеген авторлық бағдарламалар әдістемелік кеңес отырысында қаралып, бекітілді және облыстық «Ақмола дарыны» орталығымен келісілді. Сонымен қатар, ЖОО оқытушыларының химия, биология, математика, қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндері бойынша «жеке тұлғаға бағытталған» курс жоспарлары бекітілді.
8. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар (бұдан әрі – КТЖ) әзірленіп бекітілді. Оқу бағдарламасына сәйкестігі тексерілді.
9. Кіріс бақылау жұмыстарының материалдары әзірленіп, өткізу мерзімі бекітілді.
10. Жаңадан келген мұғалімдер және жас мамандармен кездесу өтті. Кездесу барысында жас мамандар мен жаңадан келген педагогтар мектептің әдістемелік жұмысының жүйесімен танысты, «олимпиадалық резерв» мектебінің, оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысы бойынша мәліметтер алды.